

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Ф. Алтыбиева



**№8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

Әлеуметтік педагогтың 2022-2023 оку жылында атқарған жарты жылдық жұмысының есебі

2022-2023 оку жылында әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары № 472 бұйрықты басшылыққа ала отырып бекітілді.

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оку жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау.

Жұмыс объектісі - оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары.

Оку жылының басында барлық сыйыптардың сыйып жетекшілерімен бірлесе отырып сыйыптардың әлеуметтік паспорты жасалынды .

Мектептің әлеуметтік төлкүжаты 2022-2023 оку жылында №8 Тойбы Бегманова атындағы жалпы орта мектепте жалпы оқушы саны 1-11 сыйыптар 1137

Көп балалы жанұя саны 435 оқушы саны 822.

Аз қамтылған жанұядығы бала саны 89.

Жетім балалар саны 1.

Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасында тұратын - оқушы

Ажырасқан отбасында тұратын-30 оқушы

Өгей әке ,шешемен тұратын-2 оқушы

Үйден оқитын оқушы саны- 5 оқушы

Жартылай жетім отбасында тұратын -28 оқушы

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шенбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру. Оку жылының басында барлық сыйыптардың әлеуметтік төлкүжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. Тамыз-қыркүйек айында оқушылардың құжаттары тексеріліп, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар саны, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту проблемаларына жүртшылықтың және тұрғындардың назарын аударту, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға және асыраушысынан айрылуына байланысты толық емес отбасынан шыққан балаларға жаңа оку жылында қолдау көрсету мақсатында 1 тамыздан бастап жалпы Республика бойынша жыл сайынғы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы басталды. №8 Тойбы Бегманова атындағы жалпы орта мектеп бойынша 2022 жылдың 27

тамызында Осы аталған мектепті бітіріп кеткен түлегіміз жеке қасіпкер төрт оқушыны сапалы аяқ киімдермен және қыстық курткамен қамтамасыз етті. Мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен өткен акцияга мектеп ұжымы бес оқушыны мектеп сумкасымен және мектепке қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз етті. Ауылдың мешіт қауымы екі - оқушыны мектеп формасымен және аяқ киім, сумкамен қамтамасыз етті. ҚР Үкіметінің 2021.01.01. бастап қолданысқа енген 64 қаулының негізінде Жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен атаулы әлеуметтік көмек алатын, аз қамтылған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың 89 оқушы сапалы мектеп формасымен қамтамасыз етілді. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында республика көлемінде «Адам құқығы -бала құқығы» он күндігі болып өтті. Он күндік аясында Абай ауыл округінің участекелік полиция инспекторы Коштаев Тойлыбай, ДТІЖО, мектеп психологтары, мектеп медбикесі және әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен 7-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Жоспар бойынша өгей ата-ана тәрбиесіндегі оқушыларды және аз қамтылған, үйден оқитын оқушылардың үйлерін сынып жетекшілерімен бірлесе отырып үй түрмис жағдайын акт жасалынып зерделеу жұмыстары жүргізілді. ДЖК-ның шешімімен ауданымызда өткен аудан әкімінің шыршасына 6 а сынып оқушысы толық емес отбасындағы Жасұзақ Бейбарыс қатысып, аудан әкімінің жаңа жылдық сыйлықтарына, қыстық куртка және бас киімге ие болды.

Әлеуметтік педагог:  Ж.Абдрахманова